

ZANĠGAR



ZHANGER KHAN
UNIVERSITY

2004 жылдың наурыз айынан шығады



Бұл жайдарман командасы университетіміздің көңілді студенттерінен құралған. Талай мәрте университетаралық, облыстық жайдарман ойындарында топ жарып, республикалық лигаларда бақ сынап жүрген жас команда.

Жақын арада университетіміздің YouTube каналында жарияланып жүрген «Djaiotyrys» бағдарламасының түсірілімі осы жігіттердің қатысуымен өткен болатын. Түсірілім барысында жігіттер әдемі әңгіме өрбітіп, өздерінің студенттік өмірлері мен қоса, жайдарман ойындары туралы сөз қозғап, бастарынан өткен қызықты сәттерімен де бөлісті.

БҰЛ КІМ



Сұранысқа
не мамандар



с.2

Новые в науке



с.3

“Бірінші курс - 2021” байқауы өтті

Жәңгір хан университетінде Жастар бастамасын дамыту орталығының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Бірінші курс – 2021» институтаралық байқауы өткізілді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған байқауда - 1 курс студенттері жоғарғы курс белсенділерінің жетекшілігімен өзара сынға түсті.

Білім алушылар ұлттық және заманауи билер, ұлттық және заманауи әндер патриоттық ән және би, мәнерлеп оқу және т.б жалпы саны 11 номинация бойынша бақ сынады. Жылжымалы кубокты «Индустриалды-технологиялық» институты иеленді.

Аталмыш шара студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру және өзара достық қатынастарын нығайту мақсатын көздейді.

